

**Медициналық авиация бойынша
2023 жыл және 2024 жылғы 6 айдағы анықтама**

ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК «Қазақстан Республикасында медициналық авиацияны дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру шеңберінде **2023 жылы 2 323 ұшу**, оның ішінде ұшақтармен – 2 032 (оның ішінде азаматтық авиацияның тұрақты рейстерімен 48 ұшу), тікұшақтармен – 291 орындалды.

Анықтама үшін: ағымдағы жылдың 6 айында 941 ұшу, оның ішінде ұшақтармен – 835 (оның ішінде азаматтық авиацияның тұрақты рейстерімен 24 ұшу), тікұшақтармен – 106 орындалды.

Шалғайдағы елді мекендерде тұратын халыққа шұғыл және мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін облыстық жедел медициналық жәрдем станцияларының базасында медициналық авиация бөлімшелері жұмыс істейді, 2023 жылы **1 665 (72%)** ұшу орындалды.

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету мақсатында Астана қаласынан **475 (20,4%)** ұшу (оның ішінде мамандармен консультациялық және жедел көмек көрсету үшін *Азаматтық авиацияның тұрақты рейстерімен 44 ұшу орындалды*) және Алматы қаласынан **176 (7,5%)** ұшу (оның ішінде 4 РВС ұшуы) жүзеге асырылды.

Анықтама: ағымдағы жылдың 6 айында Астана қаласынан 244 ұшу (оның ішінде, бейінді мамандармен консультациялық және жедел көмек көрсету үшін Азаматтық авиацияның тұрақты рейстерімен 18 ұшу орындалды), сондай-ақ Алматы қаласынан 85 ұшу (РВС 6 ұшуы) жүзеге асырылды.

Шетелдік клиникаларда ем алған Қазақстан Республикасының азаматтарын тасымалдау мақсатында: АҚШ, Чехия, РФ, Түркия, Қырғызстан, Вьетнамнан 7 (0,3%) ұшу ұйымдастырылды.

Анықтама: ағымдағы жылдың 6 айында 6 (0,6%) ұшу (Ресей, Түркия - 3, Оңтүстік Корея, Египет) орындалды.

2023 жылы медициналық авиация нысанындағы медициналық көмек **5 885** пациентке көрсетілді:

2023 ж.	2024 ж. 6 ай	Нозология бойынша бөлу
1 656	1099	Балалар жасындағы палалогиясы бар балалар
1 446	905	Қан айналым жүйесінің аурулары бар пациенттер
973	1171	Акушерлік патологиясы бар әйелдер
783	316	Жарақаттанудан, жазатайым оқиғалардан, уланудан, оның ішінде ЖКО-дан зардап шеккендер
329	136	ЖКО
585	287	Жаңа туған нәрестелер патологиясы
442	257	Өзге де аурулар

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылдың 6 айындағы ұшулар және орындалған қызметтер туралы ақпарат

№ р/н	Өңірлер	Ұшулар саны	Ұшақпен ұшу саны	Тікұшақпен ұшу саны	Астанадан ұшулар	Алматыдан ұшулар	Өңірлерден ұшулар	Орындалған қызметтер	Тасымалдау	Операция	Бетпе-бет консультация	ҚМҚ
1	Барлығы	941	835	106	244	85	607	4031	952	53	65	2965
2	Алматы қ.	16	16		7	9		166	16		2	148
3	Астана қ.	2	2		1	1		103				103
4	Алматы (Қонаев)	1		1		1		62	1			61
5	Ақмола	9	3	6	4		5	159	6	3		150
6	Ақтөбе	93	84	9	17	1	75	244	87	10	3	144
7	Атырау	77	65	12	35	1	42	320	78	7	5	230
8	ШҚО	54	54		14	3	37	174	54		2	118
9	Абай	99	99		23	2	74	261	125	1	4	131
9	БҚО	26	26		14	2	10	256	29	1	2	224
10	Жамбыл	82	82		9	1	72	389	69	10	9	301
11	Жетісу (Талдықорған)	34	2	32	2	4	28	162	33		6	123
12	Қарағанды	66	63	3	5		61	186	74	4	4	104
13	Қостанай	59	59		25		34	154	63	1	1	89
14	Қызылорда	75	72	3	6	24	45	216	71	3	10	132
15	Маңғыстау	88	83	5	26	15	47	369	93	3	3	270
16	Павлодар	47	32	15	14		33	146	44		5	97
17	СҚО	4	4		4			67	4			63
18	Түркістан	35	16	19	3		32	293	29	5	3	256
19	Шымкент	41	41		20	21		198	42	3	5	148
20	Ұлытау	27	26	1	15		12	100	28	2	1	69
21	Шетел	6	6					6	6			

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы 6 айдағы пациенттер бойынша ақпарат

№ р/н	Өңірлер	Акушерлік практикадағы кезек күттірмейтін жай-күйлер	Жаңа туған нәрестелер патологиясы	Балалар жасындағы патология	ҚЖА	оның ішінде, Инсульт	Жарақаттар	оның ішінде, ЖҚО	Өзге	оның ішінде, КВИ	Барлық пациент
1	Барлығы	484	241	858	729	517	285	118	222	0	2819
2	Алматы қ.	31		13	24	20	2	1	6		76
3	Астана қ.	13		4	18	18			1		36
4	Алматы (Қонаев)	18	1	3	3	3			1		26
5	Ақмола	16	4	41	28	24	16	9	13		118
6	Ақтөбе	37	9	61	33	19	29	12	11		180
7	Атырау	19	26	98	41	9	14	3	19		217
8	ШҚО	24	15	46	40	30	10	4			135
9	Абай	12	26	67	64	50	48	17	6		223
9	БҚО	21	8	41	56	50	12	2	21		159
10	Жамбыл	67	7	46	93	84	34	16	20		267
11	Жетісу	4	18	16	61	55	10	5	1		110
12	Қарағанды	17	6	49	41	13	28	14	6		147
13	Қостанай	14	16	49	25	7	9	1	17		130
14	Қызылорда	27	32	58	24	11	4	3	21		166
15	Маңғыстау	51	20	70	66	42	30	15	39		276
16	Павлодар	15	13	56	20	10	9	3	6		119
17	СҚО	7	7	21	10	10	2		7		54
18	Түркістан	46	11	52	58	55	9	1	8		184
19	Шымкент	43	3	50	10	4	3	2	13		122
20	Ұлытау	2	19	17	10	3	15	10	5		68
21	Шетел				4		1		1		6

Медициналық авиация желісі бойынша пациенттерге 2023 жылы **7 506** медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде: медициналық ұйымдарға **2 402** пациент (40,8%) тасымалданды, **173** бетпе-бет консультация (2,9%) және **162** операция (2,7%) жүргізілді, **4 769** пациентке (81%) қашықтықтан медициналық қызметтер ұйымдастырылды. Көрсетілген медициналық қызметтердің ішінде 63% қашықтықтан медициналық қызметтер құрайды.

Халыққа консультациялық және жедел медициналық көмек көрсету үшін Астана, Алматы қалаларының республикалық клиникалардан 213 маман мен медициналық ұйымдарынан, оның ішінде: 187 және 26 маман тартылды.

Анықтама: ағымдағы жылдың 6 айында 4035 медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде: 952 пациент (23,6%) тасымалданды, 65 бетпе-бет консультация (1,6 %) және 53 операция (1,3%) жүргізілді, 2961 пациентке (73,5 %) қашықтықтан медициналық қызмет көрсетілді.

ҰШМУО-да 2021 жылдан бастап ауыр халдегі пациенттердің мониторингі шеңберінде Ахуал орталығы жұмыс істейді, онда 2023 жылы 4 769 қашықтықтан медициналық қызмет ұйымдастырылды және жүргізілді, оның ішінде: акушерлік патологиясы бар әйелдерге – 1 688, жаңа туған нәрестелерге – 207, балалар жасындағы патологиясы бар балаларға – 1 178, жарақаттанудан, уланудан және жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге – 223 (оның ішінде ЖКО – 77), ҚЖА – 1 107 бар пациентке, өзге де аурулары бар пациенттерге – 366 қызмет көрсетілді.

Анықтама: ағымдағы жылдың 6 айында Ахуал орталығы 2965 қашықтықтан консультация ұйымдастырды, оның ішінде: акушерлік патологиясы бар әйелдерге – 1096, жаңа туған нәрестелерге – 104, балалар жасындағы патологиясы бар балаларға – 757, жарақаттанудан, уланудан және жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге – 96 (оның ішінде ЖКО – 51), ҚЖА – 705 пациентке, басқа аурулары бар пациенттерге – 207 қызмет көрсетілді.

ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасының 98-тармағына сәйкес ҰШМУО базасында 2023 жылдың 1 мамырынан бастап Бірыңғай консультативтік инсульт орталығы ашылды.

Консультацияларды, құрамында невропатолог, нейрохирург, анестезиолог реаниматолог бар сараптамалық кластағы дәрігерлер жүргізеді.

2023 жылы 1 мамырдан 31 желтоқсанға дейін 1030 пациентке консультация берілді. 2023 жылы инсульт түрлерінің құрылымында геморрагиялық инсульт – 316, ишемиялық инсульт – 429, церебральды веналық тромбоз – 54, және басқа аурулар (*саралау үшін*) – 231 болды. Оның ішінде жүкті әйелдер – 28, ал босанғаннан кейінгі әйелдер – 35.

Анықтама үшін: ағымдағы жылдың 6 айында инсульт орталығы 667 пациентке, оның ішінде геморрагиялық инсульт – 220, ишемиялық инсульт – 293, церебральды веналық тромбоз – 38 және басқа да аурулармен (саралау үшін) – 116 пациентке консультация берді. Оның ішінде жүкті әйелдер – 40, ал босанғаннан кейінгі әйелдер – 49.

Медициналық көмек алған пациенттер арасында әуе көлігін пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек уақтылы көрсетілуіне байланысты 93,5 %- ы жай-күйі жақсарумен жазылды және 6,5% - ы өліммен аяқталған жағдайлар орын алды.

Анықтама: ағымдағы жылдың 6 айында пациенттердің 72,4% - ы жай-күйі жақсарумен жазылды, 25,6% - ы емдеуді жалғастыруда және 2% - ы өліммен аяқталды.